

"Қазақстан Республикасында валюта операцияларын жүргізу ережесін" бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасының қаулысы 1997 жылғы 23 мамыр N 206 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 24 маусымда тіркелді. Тіркеу N 328. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 115 қаулысымен. ~V011561

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің валюталық реттеудің негізгі органы ретіндегі өкілеттігін іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасы қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасында валюта операцияларын жүргізу" Ережесін айтылған ескертпелер мен ұсыныстар ескеріле отырып бекітілсін және бекітілген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі басқармасы бекіткен (1994 жылғы 24 қарашадағы N 23 хаттама) "Қазақстан Республикасында валюта операцияларын жүргізу" ережесінің күші осы Қаулымен бекітілген "Қазақстан Республикасында валюта операцияларын жүргізу" Ережесін күшіне енген күннен бастап жойылған деп танылсын.

3. Заң департаменті (Өртембаев А.К.):

а) осы қаулыны және "Қазақстан Республикасында валюта операцияларын жүргізу ережесін" Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін;

б) осы қаулыны және "Қазақстан Республикасында валюта операцияларын

жүргізу ережесін" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық (Алматы аумақтық бас) басқармаларына жіберсін.

4. Мерзімді басылымдар және іскерлік ақпараттар бөлімі "Қазақстан Республикасында валюта операцияларын жүргізу ережесін" республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.С. Ержановқа жүктелсін.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
1997 жылғы 23 мамырдағы
N 206 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасында валюта
операцияларын жүргізу
ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1.01. Осы Ереже валюта операцияларын жүргізу тәртібін реттейді және валюта бақылауының негізгі принциптерін белгілейді.

1.02. Қазақстан Республикасында резиденттер мен резидент еместер жүргізетін валюта операциялары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде, салық және кеден заңдарында көзделгендерден басқа жағдайларда уәкілетті банктер мен уәкілетті банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы жүзеге асырылады. <*>

ЕСКЕРТУ. 1.02.-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1998.05.06. N 101 V980085_ қаулысымен.

1.03. Жеке тұлғалар, резиденттер мен резидент еместер Қазақстан Республикасына шетелдерден әкелінген, аударылған немесе жіберілген, қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында алынған немесе сатып алынған валюта құндылықтарын иелене алады, уәкілетті банктердің шоттарында сақтай алады және Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған мақсаттарға пайдалана алады.

1.04. Резиденттер арасындағы операциялар бойынша барлық төлемдер Қазақстан Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде валюта, салық және кеден заңдарында көзделгендерден басқа жағдайларда тек қана Қазақстан Республикасының валютасымен жүргізілуі тиіс.

1.05. Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұсынысы бойынша Қазақстан Ұлттық Банкі шетелдік инвестордың және мемлекет уәкілдік берген заңды тұлғаның немесе мемлекеттік органның қатысуымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес көлемі 100 млн. АҚШ долларынан кем болмайтын

аса маңызды инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін құрылған заңды тұлғаларға - резиденттерге Қазақстан Республикасының резиденттерімен бірге шетел валютасымен операциялардың жекелеген түрлерін жүргізуге рұқсат етуге құқылы.

1.06. Қазақстан Ұлттық Банкі заңды тұлғалардың - резиденттердің экспорттық валюта түсімін міндетті түрде сатуы тәртібін белгілеуге құқылы.

Заңды тұлғалардың - резиденттердің экспорттық валюта түсімін міндетті түрде сатуы Қазақстан Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүргізілуі тиіс.

1.07. Тазартылған алтын құймаларымен валюта операцияларын жүргізу тәртібі осы қатынастарды реттеп отыратын, қолданылып жүрген заңдармен белгіленеді. <*>

ЕСКЕРТУ. 1.07.-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1998.05.06. N 101 V980085_ қаулысымен.

1.08. Шет мемлекеттердің ақша белгілеріне теңгенің ресми бағамын салық салу, бухгалтерлік есеп және кеден төлемдерінің мақсаты үшін Қазақстан Ұлттық Банкі белгілейді.

2. Резиденттер мен резидент еместер арасындағы валюталық операциялары

2.01. Заңды тұлғалар - резиденттер мен резидент еместер арасындағы операциялар бойынша шетел валютасымен төлемдердің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде көзделген жағдайлардан басқасы аударым тәртібімен жүзеге асырылады. <*>

Қазақстан Ұлттық Банкі резиденттердің экспорттық операцияларының валюталық төлемдеріне шектеу қоюға құқылы.

ЕСКЕРТУ. 2.01-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1998.05.06. N 101 V980085_ қаулысымен.

2.02. Басқа заңды тұлғалар арасындағы шарттарға үшінші тұлғалардың - резиденттердің шетел валютасымен және теңгемен төлем жасауына басқа осындай шарттар бойынша төлемшілер мен жоғарыда айтылған үшінші тұлғалар - резиденттер арасында тиісті шарт болғанда ғана жол беріледі.

2.03. Резиденттер мен резидент еместердің уәкілетті банктер арқылы жүзеге асыратын ағымдағы валюталық операциялары шектеусіз жүргізіледі.

Егер экспорттық-импорттық мәмілелерді кредиттеуге немесе кредит алуға яки кредит беруге байланысты ағымдағы валюталық операциялары бойынша тараптардың бірі екінші тарап міндеттемені орындағаннан кейін 180 күн ішінде жүзеге асырмаған болса, онда мұндай операциялар капиталдың қозғалысына

байланысты валюта операциялары болып саналады және де осы Ереженің 2.04 және 2.05-тармақтарына сәйкес лицензиялануы немесе тіркелуі керек. <*>

ЕСКЕРТУ. 2.03.-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1998.05.06. N 101 V980085_ қаулысымен.

2.04. Капитал қозғалысына байланысты валюта операцияларын Қазақстан Ұлттық Банкінде тіркеу немесе лицензиялау тәртібі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі. <*>

ЕСКЕРТУ. 2.04.-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1998.05.06. N 101 V980085_ қаулысымен.

2.05. <*>

ЕСКЕРТУ. 2.05.-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1998.05.06. N 101 V980085_ қаулысымен.

3. Уәкілетті банктердің заңды тұлғалардың - резиденттердің валюта операцияларын жүргізуі

3.01. Заңды тұлғалар - резиденттер валюта операцияларын жүргізу үшін уәкілетті банктерде валюта шоттарын ашуға міндетті.

Заңды тұлғалардың - резиденттердің уәкілетті банктерде шетел валютасымен шоттар ашуы, жүргізуі және жабуы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде көзделген тәртіппен жүргізеді. <*>

ЕСКЕРТУ. 3.01.-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1998.05.06. N 101 V980085_ қаулысымен.

3.02. Заңды тұлғалардың - резиденттердің уәкілетті банктердегі шоттарына аударым тәртібімен түскен шетел валютасы қолданылып жүрген заң талаптары сақталған болса шектеусіз қабылданады.

Заңды тұлғалар - резиденттер өздерінің уәкілетті банктердегі шоттарындағы шетел валютасын қолданылып жүрген заңға қайшы келмейтін мақсатқа пайдалана алады.

Заңды тұлғалардың - резиденттердің валюта шотындағы қолма-қол ақша қаражаты резидент еместерге жалақы төлеуге және олардың қызметкерлерінің шетелдік іссапарларға шығуына байланысты жұмсалуды мүмкін.

Заңды тұлғалардың - резиденттердің бұрын алынған қолма-қол валюта қаражатының пайдаланылмаған бөлігі олардың уәкілетті банктердегі шотына 10 жұмыс күнінен кешіктірілмей міндетті түрде есептелуге тиіс.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбас операцияларын жүргізуге берген лицензиясы бар заңды тұлғалар - резиденттер айырбас операцияларын жүргізу үшін уәкілетті банктердегі өздерінің шоттарынан қолма-қол шетел валютасын ала алады. <*>

ЕСКЕРТУ. 3.02.-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
1998.05.06. N 101 V980085_ қаулысымен.

3.03. Заңды тұлғалар - резиденттер резидент еместердің пайдасына төлем жасағанда уәкілетті банктерге тиісті дәрежеде ресімделген құжаттарды (шарттарды, контракттарды, келісімдерді, инвойстарды, коносаменттерді және басқаларды) табыс етуге міндетті.

Валюта операцияларын жүргізген кезде ол бойынша лицензия немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде тіркелгені туралы куәлік талап етілетін заңды тұлға-резиденттер уәкілетті банкке осындай лицензиялар немесе тіркеу туралы куәліктің түпнұсқаларын және көшірмелерін беруге міндетті. Берілген құжаттар тексерілгеннен кейін олардың көшірмелері уәкілетті банкте қалады, ал түпнұсқалары заңды тұлғаға қайтарылады. Сонымен бірге уәкілетті банк тіркеу туралы куәліктің түпнұсқасына немесе капитал қозғалысына байланысты операциялар жүргізуге берілген лицензияға төлем жасалған күндер мен төлем сомалары туралы белгі қоюға тиіс. <*>

Уәкілетті банктер валюта заңдарының сақталуын тексеру мақсатында жүргізілген валюта операциялары жөнінде қосымша қажетті ақпарат пен құжаттарды талап етуге құқылы.

ЕСКЕРТУ. 3.03.-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
1998.05.06. N 101 V980085_ қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 3.03.-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
2000.05.16 N 209 V001165_ қаулысымен.

3.04. Заңды тұлғалар - резиденттер ішкі рынокта шетел валютасын резидент еместерден есеп айырысуды жүзеге асыру үшін және шетел валютасымен уәкілетті банктерден алған кредиттер бойынша міндеттемелерді орындау үшін ғана, сондай-ақ заң актілеріне көзделген басқа жағдайларда ғана сатып алады.

Жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жөніндегі ұйымның жеке тұлғалардың шетел валютасындағы салымдары (депозиттері) бойынша өтем жасау үшін ішкі рынокта шетел валютасын сатып алуына болады. <*>

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбас операцияларын жүргізуге берген лицензиясы бар заңды тұлғалар - резиденттер қолма-қол шетел валютасымен айырбас операцияларын жүргізу үшін уәкілетті банктерден қолма-қол шетел валютасын қолма-қол немесе аударып есеп айырысу арқылы сатып ала алады. <*>

ЕСКЕРТУ. 3.04.-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
1998.05.06. N 101 V980085_ қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 3.04.-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
2000.05.16 N 209 V001165_ қаулысымен.

3.05. Занды тұлғалар - резиденттер шетел валютасын сатып алу үшін өтінішті ресімдеген кезде сатып алудың мақсатын көрсетуге, сондай-ақ резидент еместермен есеп айырысуды жүзеге асыру немесе уәкілетті банктерден алған кредиттер бойынша міндеттемелерді орындау қажет екенін растайтын құжаттарды қоса беруі, сөйтіп осы валюта сатып алынған бастап отыз банктік күн ішінде пайдаланылмаған жағдайда ішкі валюта рыногындағы ағымдық рынок бағамы бойынша оны сатуға банкке уәкілеттік беруі тиіс.

3.06. Занды тұлғалардың - резиденттердің ішкі валюта рыногында сатып алған шетел валютасы заңды тұлғалардың - резиденттердің шоттарына есептелінген күннен бастап отыз банктік күн ішінде резидент еместерге немесе уәкілетті банкке аударылуы тиіс.

Занды тұлғалар - резиденттер сатып алынған валютаны толық немесе ішінара пайдаланбаған жағдайда, ол отыз банктік күн ішінде ішкі валюта рыногында міндетті түрде сатылуы тиіс.

3.07. Уәкілетті банктер заңды тұлғалардың - резиденттердің валюта операцияларын жүргізуге көрсетілген банк қызметі үшін төлем ақыны - тараптардың келісімі бойынша теңгемен немесе шетел валютасымен алады.

3.08. Теңгемен алынған кредиттерді, сондай-ақ сыйақы (мүдде) және олар бойынша басқа да төлемдерді шетел валютасымен өтеуге болмайды. <*>

ЕСКЕРТУ. 3.08.-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1998.05.06. N 101 V980085_ қаулысымен.

3.09. Тауар экспорты мен қызметі үшін, сондай-ақ кредит және/немесе инвестициялар түрінде заңды тұлғалар - резиденттер төлем ретінде алған шетел валютасы, егер Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес осы резиденттер алған Қазақстан Ұлттық Банкі лицензиясында басқаша көрсетілмесе, олардың уәкілетті банктердегі шоттарының есебіне міндетті түрде есептелуі керек. <*>

Жарғылық қызметі қайырымдылық қызметін жүзеге асыруға бағытталған заңды тұлғалардың пайдасына сыйлық, қайырымалдық, қайырымдылық жарналары және басқа түсім ретінде қолма-қол ақшамен де аударым арқылы да түскен шетел валютасы олардың уәкілетті банктеріндегі шотына міндетті түрде есептелуі тиіс. <*>

Занды тұлғалардың - резиденттердің пайдасына сыйлық, құрмалдық, қайырымдылық жарналарынан және басқа да пайдасына түсімдерден түскен шетел валютасы олардың уәкілетті банктердегі шоттарына міндетті түрде есептелуі керек.

ЕСКЕРТУ. 3.09.-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1998.05.06. N 101 V980085_ қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 3.09.-тармақ толықтырылды және өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі

Басқармасының 1998.09.29. N 189 V980654_ қаулысымен.

3.10. Уәкілетті банктер заңды тұлғаларға - резиденттерге шетел валютасымен аударым тәртібімен ғана кредиттер беруге құқылы.

3.11. Валюта құндылықтарын уәкілетті банктер заңды тұлғаларға резиденттерге шетел валютасымен және теңгемен кредиттер беруге кепілдік ретінде қабылдауы мүмкін.

Борышкер алған кредитті уақтылы қайтармаған жағдайда валюта құндылықтары кредитті және ол бойынша сыйақы (мүдде) өтеу үшін заңда белгіленген тәртіппен сатылуы мүмкін. <*>

ЕСКЕРТУ. 3.11.-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1998.05.06. N 101 V980085_ қаулысымен.

4. Уәкілетті банктердің заңды тұлғалардың - резидент еместердің валюта операцияларын жүргізуі

4.01. Заңды тұлғалар - резидент еместер валюта операцияларын жүргізу үшін уәкілетті банктерде шетел валютасымен және/немесе теңгемен банк шоттарын ашуға міндетті.

Заңды тұлғалардың - резидент еместердің уәкілетті банктерде банктік шоттардың ашуы, жүргізуі, жабуы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде және осы Ережеге сәйкес белгіленген тәртіппен жүргізіледі. <*>

ЕСКЕРТУ. 4.01.-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1998.05.06. N 101 V980085_ қаулысымен.

4.02. Қазақстан Республикасының халықаралық мекемелер шоттарының шарттары мен келісімдеріне сәйкес ерекше мәртебесі бар тәртібі осы шарттар мен келісімдерге және осы Ережеге сәйкес белгіленеді.

4.03. Заңды тұлғалардың - резидент еместердің уәкілетті банктердегі шоттарына аударым тәртібімен түскен шетел валютасы шектеусіз қабылданады.

Заңды тұлғалар - резидент еместер өздерінің уәкілетті банктердегі шоттарындағы ұлттық және/немесе шетел валютасын қолданылып жүрген заңға қайшы келмейтін мақсатқа пайдалана алады.

Заңды тұлғалардың - резидент еместердің валюта шотындағы қолма-қол ақша қаражаты өз қызметкерлеріне жалақы төлеуге және олардың іссапарларға шығуына байланысты, сондай-ақ қайырымдылық көмек көрсету үшін жұмсалуды мүмкін. <*>

Заңды тұлғалардың - резидент еместердің бұрын алынған қолма-қол валюта қаражатының пайдаланылмаған бөлігі олардың уәкілетті банктердегі шотына 10 күннен кешіктірілмей міндетті түрде есептелуге тиіс. <*>

Осы тармақтың үшінші және төртінші азатжолында көрсетілген нормалар

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінде белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасында тіркелген дипломаттық қызметтерге, өкілдік мекемелерге, халықаралық ұйымдардың өкілдіктеріне және оларға теңестірілген басқа да ұйымдарға қолданылмайды. <*>

ЕСКЕРТУ. 4.03.-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1998.05.06. N 101 V980085_ қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 4.03.-тармақ өзгертілді және бесінші азатжолмен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1998.09.29. N 189 V980654_ қаулысымен.

4.04. Заңды тұлғалар - резидент еместер Қазақстан Республикасының ішкі рыногында шетел валютасын ағымдағы валюта операцияларын жүргізу нәтижесінде, сондай-ақ заң актілерінде көзделген басқа жағдайларда алынған теңгелей ақша қаражатына ғана сатып ала алады. Заңды тұлғалар - резидент еместер мұндай операцияларды жүргізгенде тиісті дәрежеде ресімделген құжаттарды (шарттарды, контракттарды, келісімдерді, инвойстарды, коносаменттерді және басқаларды) уәкілетті банктерге табыс етуге міндетті.

4.05. Уәкілетті банктер заңды тұлғаларға - резидент еместерге шетел валютасымен және теңгемен кредиттер беруге құқылы. Шетел валютасымен 180 күннен астам мерзімге кредит беру үшін тиісті лицензия Қазақстан Ұлттық Банкінде болуы қажет. Шетел валютасымен және теңгемен кредиттер аударым жасау тәртібімен ғана беріледі. <*>

Заңды тұлғалардың - резидент еместердің теңгемен алынған кредиттерді шетел валютасымен сатып алуға пайдалануына болмайды.

ЕСКЕРТУ. 4.05.-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1998.05.06. N 101 V980085_ қаулысымен.

4.06. Валюта құндылықтарын уәкілетті банктер заңды тұлғаларға резидент еместерге шетел валютасымен және теңгемен кредиттер беру үшін кепіл ретінде қабылдай алады.

Борышкер алған кредиттерін уақтылы қайтармаған жағдайда валюта құндылықтары кредитті және ол бойынша сыйақы (мүдде) өтеу үшін заңда белгіленген тәртіппен сатылуы мүмкін. <*>

ЕСКЕРТУ. 4.06.-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1998.05.06. N 101 V980085_ қаулысымен.

5. Жеке тұлғалардың - резиденттердің және резидент еместердің шетел валютасымен жүргізетін операциялары

5.01. Валюта операцияларын жүргізу үшін жеке тұлғалар резиденттер және резидент еместер осы Ережеде көзделген жағдайлардан басқа кезде уәкілетті

банктерден валюта шоттарын ашады.

Жеке тұлғалардың - резиденттердің және резидент еместердің уәкілетті банктерде шетел валютасымен шоттар ашуы, жүргізуі және жабуы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде және осы Ережеге сәйкес белгіленген тәртіппен жүргізіледі. <*>

Жеке тұлғалардың - резиденттердің және резидент еместердің шетел валютасымен алынған қаражатын уәкілетті банктер олардың валюта шоттарына шектеусіз салуға және осы шоттардан шектеусіз алуға тиіс.

ЕСКЕРТУ. 5.01.-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1998.05.06. N 101 V980085_ қаулысымен.

5.02. Жеке тұлғалардың шетел валютасындағы шоттары бойынша кәсіпкерлік қызметті, оның ішінде үшінші адам ретінде заңды тұлғалар арасындағы контрактілерге ақы төлеу бойынша жүзеге асыруға байланысты операциялар жүргізуге болмайды.

Егер жеке тұлғалар - резиденттер және резидент еместер заңды тұлға құрмай шаруашылық субъектілері ретінде тіркелген болса, оларға осы Ережелердің 3.01 және 4.01 тармақтарына сәйкес валюта шоты ашылады. Осы Шоттардағы шетел валютасындағы қаражатты пайдалану тәртібі заңды тұлғалар - резидент және резидент еместер үшін осы Ережелерде белгіленген пайдалану тәртібіне жатады.

5.03. Валюта операцияларын баламасы үш мың АҚШ долларынан астам сомаға жүргізген кезде жеке тұлғалар резиденттер және резидент еместер уәкілетті банктерге тиісті дәрежеде ресімделген құжаттарды (шарттарды, контрактілерді, келісімдерді, инвойстерді, коносаменттерді және басқалары) тапсырады. <*> <*>

Валюта операцияларын жүргізген кезде ол бойынша лицензия немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде тіркелгені туралы куәлік талап етілетін жеке тұлға-резиденттер уәкілетті банкке осындай лицензиялар немесе тіркеу туралы куәліктің түпнұсқаларын және көшірмелерін беруге міндетті. Берілген құжаттар тексерілгеннен кейін олардың көшірмелері уәкілетті банкте қалады, ал түпнұсқалары жеке тұлғаға қайтарылады. Сонымен бірге уәкілетті банк тіркеу туралы куәліктің түпнұсқасына немесе капитал қозғалысына байланысты операциялар жүргізуге берілген лицензияға төлем жасалған күндер мен төлем сомалары туралы белгі қоюға тиіс. <*>

Уәкілетті банктер валюта заңдарының сақталуын тексеру мақсатында жүргізілген валюта операциялары жайында қосымша қажетті ақпарат пен құжаттарды талап етуге құқылы.

ЕСКЕРТУ. 5.03.-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1998.05.06. N 101 V980085_ қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 5.03.-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының

1999.02.19. N 16 V990729_ қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 5.03.-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
2000.05.16 N 209 V001165_ қаулысымен.

5.04. Жеке тұлғалар - резиденттер және резидент еместер Қазақстан Республикасының ішкі валюта рыногында шетел валютасын уәкілетті банктер мен уәкілетті банктік емес қаржы мекемелері арқылы шектеусіз сатып алуға құқылы.

5.05. Жеке тұлғалар - резиденттер мен резидент еместер қолма-қол шетел валютасын Қазақстан Республикасының аумағында тек банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті банктер мен уәкілетті ұйымдар арқылы айырбас операцияларын жүргізу үшін, өздерінің валюта шоттарына есептеу үшін, осы Ережеде көзделген жағдайларда шот ашпай-ақ уәкілетті банктер арқылы аударымды жүзеге асыру және Қазақстан Ұлттық Банкінің тиісті лицензиясы бар заңды тұлғалар сататын тауарлар мен қызмет үшін, сондай-ақ қайырымдылық көмек көрсету үшін есеп айырысуға пайдалануға құқылы. <*> <*>

ЕСКЕРТУ. 5.05.-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
1998.05.06. N 101 V980085_ қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 5.05.-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
1998.09.29. N 189 V980654_ қаулысымен.

5.06. Уәкілетті банктер жеке тұлғаларға - резиденттерге және резидент еместерге шетел валютасымен және теңгемен кредиттер беруге құқылы. Жеке тұлғаларға - резидент еместерге шетел валютасымен 180 күннен астам мерзімге кредит беру үшін тиісті лицензия Қазақстан Ұлттық Банкінде болуы қажет. <*>

ЕСКЕРТУ. 5.06.-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
1998.05.06. N 101 V980085_ қаулысымен.

5.07. Валюта құндылықтарын уәкілетті банктер жеке тұлғаларға резиденттерге және резидент еместерге шетел валютасымен және теңгемен кредиттер беру үшін кепіл ретінде қабылдай алады.

Борышкер алған кредиттерін уақтылы қайтармаған жағдайда валюта құндылықтары кредитті және ол бойынша сыйақы (мүдде) өтеу үшін заңда белгіленген тәртіппен сатылуы мүмкін. <*>

ЕСКЕРТУ. 5.07.-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
1998.05.06. N 101 V980085_ қаулысымен.

5.07.-1. Жеке тұлғалар - резиденттер мен резидент еместердің баламасы үшін АҚШ долларына дейінгі сомаға бір жолғы аударым түріндегі ағымдағы валюта операциялары шот ашпай-ақ уәкілетті банктер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. <*>

Егер осы аударымдар кәсіпкерлік қызметті, инвестициялық қызметті немесе

жылжымайтын мүлік сатып алуды жүзеге асыруға байланысты болса, осы тармақтың нормасы жеке тұлғалар - резиденттер мен резидент еместердің аударымдарына қолданылмайды.

ЕСКЕРТУ. 5.07-1-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999.02.19. N 16 V990729_ қаулысымен.

5.07.-2. Шетел валютасын Қазақстан Республикасынан аударуды және Қазақстан Республикасына аударылған шетел валютасын алуды жеке тұлға немесе оның уәкілетті өкілі жеке басын куәландыратын құжатты және аударым жасауға берілген тапсырманы немесе аударымды алуға берілген өтінішті көрсету арқылы жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасынан шетел валютасын аударуға арналған тапсырмада мыналар көрсетілуі тиіс:

жіберушінің аты-жөні;

жіберушінің жеке басын растайтын құжат туралы мәлімет (номері, сериясы, кім және қашан берілген);

СТН (егер жіберуші Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес салық төлеуші болып табылған жағдайда);

алушының деректемелері (егер алушы заңды тұлға болса);

алушының аты-жөні, сондай-ақ банктің алушының жеке басының ұқсастығын анықтауына мүмкіндік беретін басқа да деректер (егер алушы жеке адам болса);

қызмет етуші банктің деректемелері;

аударым сомасы және аударымның мақсаты;

күні және жеке адамның қойған қолы.

Жіберуші Қазақстан Республикасынан шетел валютасын аударуға арналған тапсырмада осы аударым кәсіпкерлік қызметпен, инвестициялық қызметпен немесе жылжымайтын мүлікке құқық алумен байланысты еместігін растайтын жазу болуы тиіс. <*>

5.07.-3. Қазақстан Республикасына аударылған шетел валютасын алуға арналған өтініште мыналар көрсетілуі тиіс:

жіберушінің аты-жөні;

жіберушінің жеке басын растайтын құжат туралы мәлімет (номері, сериясы, кім және қашан берген);

СТН (егер жіберуші Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес

салық төлеуші болып табылған жағдайда);

аударым сомасы және аударымның мақсаты;

күні және жеке адамның қойған қолы.

Алушы адамның Қазақстан Республикасына шетелден аударылған шетел валютасын алуға берген өтінішінде осы аударымның шетелдегі кәсіпкерлік немесе инвестициялық қызметпен байланысты еместігін растайтын жазу болуы тиіс. <*>

5.07.-4. Жеке тұлға осы ережеде белгіленген талаптарға жауап бермейтін құжаттарды берсе, сондай-ақ көрсетілген құжаттарды беруден бастартса, уәкілетті банк шетел валютасын аударуды немесе беруді жүзеге асырмайды. <*>

5.07.-5. Банк-корреспонденттің төлем нұсқаулығы болмауына байланысты немесе аударымды алушының келмеуіне байланысты аударымды төлеу мүмкін болмаған жағдайда, уәкілетті банк Қазақстан Республикасына аударылған шетел валютасын түскен күннен бастап 180 күннен кейін банккорреспондентке қайтарып жібереді. <*>

ЕСКЕРТУ. 5-бөлім мынадай мазмұндағы 5.07.-1, 5.07.-2., 5.07.-3.,

5.07.-4. және 5.07.-5.-тармақтармен толықтырылды - ҚР Ұлттық

Банкі Басқармасының 1998.05.06. N 101 V980085_ қаулысымен.

6. Валюта құндылықтарын әкелу және әкету

6.01. Қазақстан Республикасына резиденттердің және резидент емесстердің валюта құндылықтарын әкелуі кеден заңдарының талаптарын сақтай отырып, шектеусіз жүзеге асырылады.

6.02. Жеке тұлғалар - резиденттер Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге қайдан алынғаны заңды-заңсыздығын құжаттармен көрсетілмейтін қолма-қол шетел валютасын үш мың АҚШ долларына дейінгі баламамен әкете алады.

Баламасы үш мың АҚШ долларынан асатын шетел валютасын Қазақстан Республикасынан әкеткен кезде Қазақстан Республикасының кеден органдарына баламасы үш мың АҚШ долларынан асатын сомаға құжат ұсыну қажет. <*>

Ондай құжаттар мынадай болуы мүмкін:

- уәкілетті банктер мен уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттері белгіленген тәртіппен берген шетел валютасын сатып алғаны жөнінде анықтама-сертификаттар;

- уәкілетті банктер берген валюталық есеп шоттан қаражат алғанын растайтын құжаттар;

- Қазақстан Республикасына бұрын әкелінген шетел валютасының сомасы туралы кедендік декларация.

Нақты бағасы және/немесе құны шетел валютасымен көрсетілген төлем

құжаттарын әкеткенде (чектер, оның ішінде жол чектері, вексельдер) сомасы бойынша шектеулер қойылмайды. <*>

ЕСКЕРТУ. 6.02-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999.02.19. N 16 V990729_ қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 6.02-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000.05.16 N 209 V001165_ қаулысымен.

6.03. Жеке тұлғалардың - резиденттердің нақты құны және/немесе бағасы шетел валютасымен көрсетілген шетел валютасы немесе төлем құжаттарын әкетуі олармен әкелу кезінде жасалған декларацияға сәйкес жүргізіледі. Әкелу кезінде өзі толтырған декларацияда көрсетілген сома асып кеткен жағдайда, резидент емес осы Ереженің 6.02-тармағына сәйкес құжаттарды көрсетуге тиіс.

6.04. Нақты құны және/немесе бағасы шетел валютасымен көрсетілген бағалы қағаздарды әкету бағалы қағаздар туралы заңдармен реттеледі.

6.05. Қазақстан Ұлттық Банкі эмиссиялаған бағалы металдардан жасалған және заңды төлем қаражаты болып табылатын металл ақшаны Қазақстан Республикасына еркін әкелуге және одан еркін әкетуге болады.

6.06. Валюта құндылықтарын әкелудің және әкетудің кедендік ресімдеу тәртібі кеден заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

7. Валюта бақылауы

7.01. Валюта бақылауының мақсаты валюта операцияларын жүзеге асырған кезде Қазақстан Республикасының резиденттері мен резидент еместерінің заңдарды сақтауын қамтамасыз ету болып табылады.

7.02. Валюта бақылауының негізгі бағыттары:

жүргізілген валюта операцияларының қолданылып жүрген заңдарға сәйкестігін және оларды жүзеге асыру үшін қажетті лицензиялар мен куәліктердің болуын анықтау;

шетел валютасындағы төлемдердің контракт шарттарына сәйкес келуі тұрғысынан негізділігін тексеру;

валюта операциялары бойынша есепке алу мен есеп берудің толықтығын және дұрыстығын тексеру.

7.03. Валюта бақылауы органдары мен агенттері өз құзыры шегінде Қазақстан Республикасының резиденттері мен резидент еместері жүргізетін валюта операцияларының қолданылып жүрген заңға лицензиялардың немесе тіркеу куәліктерінің шарттарына сәйкестігі тұрғысынан бақылау жасауды жүзеге асыруға міндетті. <*>

ЕСКЕРТУ. 7.03.-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1998.05.06. N 101 V980085_ қаулысымен.

7.04. Валюта бақылауы органдары өз құзыры шегінде нормативтік актілер

шығарады, анықталған тәртіп бұзушылықтарға жол бермеу жөнінде талаптар қояды және Қазақстан Республикасының барлық резиденттері мен резидент еместері орындауға міндетті болып табылатын заңдарда көзделген басқа шараларды қолданады.

7.05. Валюта бақылауы агенттері құқық қорғау органдары мен Қазақстан Ұлттық Банкіне олардың клиенттері валюта операцияларын жүргізген кезде жіберген валюта заңдарын бұзудың өздеріне мәлім болған фактілері туралы хабарлауға міндетті.

7.06. Валюта бақылауы агенттері өз қызметін жүзеге асыру үшін осы Ереженің 7.07-тармағында көзделген жағдайлардан басқа кезде өз клиенттерінен тек олар арқылы жүргізілетін валюта операцияларын бойынша ақпарат сұрап алуға құқы бар.

7.07. Валюта бақылауы органдары өз қызметін жүзеге асыру үшін валюта бақылауы агенттерін тартуға және олардың міндетті түрде орындауы үшін жекелеген тапсырмалар беруге құқы бар. Валюта бақылауы агенттері валюта бақылауы органдарының мұндай тапсырмаларын орындауға және олардың орындалғаны туралы белгіленген мерзімде есеп беріп отыруға міндетті.

7.08. Қазақстан Республикасында валюта операцияларын жүзеге асыратын резиденттер мен резидент еместер:

- валюта бақылауы органдары мен агенттері жүргізген тексеру актілерімен танысуға;

- Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен валюта бақылауы агенттері мен органдарының іс-әрекетіне шағым жасауға;

- Қазақстан Республикасының басқа да заңдары мен нормативтік құқықтық актілерінде көзделген өзге құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

7.09. Қазақстан Республикасында валюта операцияларын жүзеге асыратын резиденттер мен резидент еместер:

- валюта бақылауы органдары мен агенттеріне барлық сұраған құжаттар мен валюта операцияларын жүзеге асыру жөніндегі ақпараттарды беруге;

- валюта бақылауы органдары мен агенттеріне өздері жүргізген тексеру барысында, сондай-ақ олардың нәтижесі бойынша түсініктеме беруге;

- валюта бақылауы органдары мен агенттері жүргізген тексеру актілерінде баяндалған фактілермен келіспеген жағдайда, бұл актіге қол қоюдан бас тарту себебіне жазбаша түсініктеме беруге;

- өздері жүргізетін валюта операциялары бойынша есеп жүргізуін және

есеп беріп, олардың кемінде бес жыл сақталынуын қамтамасыз етуге;

- валюта бақылауы органдарының анықталған тәртіп бұзушылықтарды жою

жөніндегі талаптарын (нұсқауын) орындауға;

Қазақстан Республикасының валюта заңдарында белгіленген басқа талаптарды орындауға міндетті.

8. Осы Ережені бұзғандығы үшін жауапкершілік

8.01. Осы Ережені бұзғандығы үшін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауап береді.

Ұлттық Банк

Төрағасы